«Жасыл даму» акционерлік қоғамы

2024 жылға
өндірушілердің (импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелерін
іске асыру барысы туралы
ЕСЕП

Астана қ. – 2025 жыл

МАЗМҰНЫ:

1. Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін айналымға шығарылған өнім және оның қаптамасы туралы мәліметтер **4**

2. Кәдеге жаратылуға жататын қалдықтардың көлемі туралы мәліметтер (қалдықтар құрамындағы әрбір компонент бойынша) және нақты орындалған көлемнің өрсеткіші **8**

3. Тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның қаптамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер **9**

4. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірісін ынталандыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер **15**

5. Қалдықтарды жинаудың жаңа технологияларын енгізу және қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану, қатты тұрмыстық қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттардың (өндірістердің) құрылысы туралы мәліметтер **17**

6. Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер **18**

7. Электр зарядтау станцияларының желісін құру және дамыту туралы мәліметтер **21**

Кіріспе

Осы есеп «Жасыл даму» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) тарапынан Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 389-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы №763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 46, 47-тармақтарына сәйкес дайындалды.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 20 «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері және «ӨКМ Операторы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесін жеке меншіктен республикалық меншікке сыйға тарту шарты бойынша қабылдау туралы» қаулысына сәйкес, мемлекеттің 100% қатысуымен ұйым болып табылатын Қоғам ӨКМ операторы болып анықталды. 2022 жылғы 18 қаңтарға дейін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері (бұдан әрі – ӨКМ) қағидатын іске асыруға жауапты ұйым жеке меншік нысанындағы «ӨКМ Операторы» ЖШС болды.

ӨКМ-ді іске асыру функциялары Қоғамға берілген кезде, ӨКМ операторының ұйымдық-құқықтық нысаны да, меншік нысаны да өзгерді. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысаны мен мемлекеттік меншік нысанына қойылатын талаптар нормативтік-құқықтық базаны ӨКМ-нің мемлекеттік операторы мәртебесіне сәйкестендіргенге дейін кейбір міндеттемелерді орындауға мүмкіндік бермеді.

Сонымен қатар, Қоғамның ӨКМ операторының барлық қызмет бағыттары бойынша толыққанды жұмыс істеуі үшін нормативтік құқықтық актілер иерархиясының барлық деңгейіндегі құжаттарға, оның ішінде заңдар мен кодекстерге өзгерістер енгізу қажет болды. Бұл өзгерістер ұзақ мерзімді, көпсатылы келісу процесін талап ететіні белгілі.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді (бұдан әрі – НҚА) талдау нәтижелері бойынша ӨКМ операторының функцияларын іске асыру барысында туындайтын қайшылықтар мен кедергілерді жою мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және өзге де НҚА-ға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жолданды.

Осы есепте келтірілген мәліметтер нормативтік құқықтық базаны алдын ала дайындау қажеттілігінен туындаған қызметтегі шектеулерді ескере отырып, Қоғам атқарған жұмысты көрсетеді.

1. Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін айналымға шығарылған өнім және оның қаптамасы туралы мәліметтер.

ҚР Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 386-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында өндірісті жүзеге асыратын және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерін әкелетін жеке және заңды тұлғалар осындай өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге міндетті.

Кодекстің 386-бабының 2-тармағына сәйкес, Кодекстің 386-бабының 1-тармағында көрсетілген өндірушілер мен импорттаушылар өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін мынадай тәсілдердің бірімен орындайды:

1)қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың өзіндік жүйесін қолдану;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен (бұдан әрі - Оператор) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім беру және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік есепшотына кәдеге жарату төлемі түрінде ақша енгізу.

Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы №689 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына физикалық және заңды тұлғалар әкелетін белгілі бір өнімдер (тауарлар) түрлерінің тізбесі бекітілді, олар тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалану үшін дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, жою және (немесе) кәдеге жарату шараларымен қамтамасыз етіледі.

Кәдеге жарату төлемдері

Қағидалардың 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кәдеге жарату төлемін енгізуге және кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты (бұдан әрі - өтінімдер) алуға өтінімді өндірушілер мен импорттаушылар ӨКМ операторының интернет-ресурсы арқылы немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырады.

2024 жыл ішінде барлық өтінімдер app.recycle.kz ақпараттық жүйесі арқылы берілді. 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін ӨКМ

операторы Қазақстан Республикасында импортталған және өндірілген көлік құралдарына (бұдан әрі – КҚ) және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына (бұдан әрі – ӨЖАШТ) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы 328 978 сертификат (бұдан әрі - КЖТС)берді.

№1 кесте

2024 жылы КҚ және ӨЖАШТ импорты мен өндірісінің бірлік саны, дана

Санаты	Өндірушілер	Импорттаушылар	Барлығы
M1	123 903	149 245	273 148
M1G	1 633	11 644	13 277
M2	803	290	1 093
M2G	85	50	135
M3	2 504	953	3 457
M3G	79	4	83
N1	3 489	3 582	7 071
N1G	1 418	3 523	4 941
N2	600	1 311	1 911
N2G	11	62	73
N3	534	10 934	11 468
N3G	1 031	2 074	3 105
КОМБАЙН	1 248	92	1 340
ТРАКТОР	6 861	1 015	7 876
Жалпы қорытынды	**144 199**	**184 779**	**328 978**

Сонымен қатар, жалпы салмағы шамамен 448,7 мың тоннаны құрайтын 313 322 өнім және тауар позицияларын қамтитын, ӨКМ қолданылатын өнімдерге (тауарларға) 29 794 кәдеге жарату төлем сертификаттары берілді.

№2 кесте

2024 жылы кәдеге жарату төлемдері енгізілген өнімдер (тауарлар, қаптамалар)

Тауар топтары	Салмағы, тонна
Электр аккумуляторлар және оларға арналған сепараторларды қоса алғанда	13 074
Қолдан жасалған, жылтырлатылмаған, хат жазу, баспа немесе басқа да графикалық мақсаттарда пайдаланатын қағаз және картон	86
Иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, құрамында жарнама материалы бар немесе жоқ газеттер, журналдар мен өзге де мерзімді басылымдар	7
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар	114 670
Ірі габаритті электр және электрондық жабдық	7 274
Электрлік қыздыру немесе газразрядтышамдар, герметикалық бағытталған жарықшамдарын қоса, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызылшамдар; құрамында сынап бар доғалықшамдар	24
Мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқасы)	189 995

Полимер, шыны, қағаз, картон, металл орамалар, құрамдастырылған материалдардан жасалған орама	103 915
Пластмассадан жасалған асхана және ас үй ыдыстары, асхана және ас үй жарақтары, үй тұрмысына қажетті және гигиеналық немесе дәретханаға арналған басқа да заттар	1 362
Өзге де химия өнімдері	2 791
Шағын ақпараттық электр және электрондық жабдықтар	248
Ұсақ габаритті электр және электрондық жабдықтар	4 542
Экрандармен және мониторлармен жабдықталған электрлік және электрондық жабдықтар	1 729
Жылу тасығыштары бар электр және электрондық жабдық	9 031
Барлығы	**448 748**

Кәдеге жарату төлемінің түсімі:

- Көлік құралдарын өндіруден және импорттаудан 269 593 млн теңге;
- Ауыл шаруашылығы техникасын өндіруден және импорттаудан 21 087 млн теңге;
- ӨКМ қолданылатын өзге де өнімдер үшін 15 533 млн теңге (автокомпоненттерді, қаптаманы, электрлік және электрондық жабдықты және т.б. қоса алғанда).

Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың өзіндік жүйесін қолдану

Кодекстің 386-бабының 4-тармағына сәйкес өндіруші немесе импорттаушы қолданатын өзіндік жүйеге қойылатын талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Өндіруші және (немесе) импорттаушы қолданатын өзіндік жүйеге қойылатын талаптар ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 688 бұйрығымен бекітілген.

Экологиялық кодекстің 392-бабы 2-тармағына сәйкес, өзіндік жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) ӨКМ бойынша өз міндеттемелерін орындауды растау ретінде, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болған қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, зиянсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату фактілерін растайтын құжаттарды уәкілетті органға ұсынады.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бойынша міндеттемелердің орындалуын растау ретінде өзіндік жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) құжаттарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары ҚР Экология, геология және

табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 690 бұйрығымен бекітілген.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға кеңейтілген міндеттемелерді өз жүйесін қолдану арқылы орындауды растау мақсатында 10 компаниядан құжаттар келіп түсті.

№3 кесте

ӨКМ міндеттемелерін өзіндік жүйесін қолдану арқылы орындағанын растайтын құжаттарды ұсынған заңды тұлғалардың тізімі

№	Өтініш берушінің атауы	Қалдықтардың / өнімдердің (тауарлардың) түрі
1	«SAN CORPORATION»ЖШС	Шиналар
2	«Семей май зауыты» ЖШС	Май
3	«ALTRA TYRES» ЖШС	Шиналар
4	«HILL Corporation» ЖШС	Май
5	«ПромЗащита» ЖШС	Қолданылған аккумуляторлар
6	«SAN TYRES» ЖШС	Шиналар
7	«VOSTOK MARKET» ЖШС	Шиналар
8	«ШИН LINE» ЖШС	Шиналар
9	«Тандем-ПВ» ЖШС	Қолданылған аккумуляторлар
10	«Кайнар АКБ» ЖШС	Қолданылған аккумуляторлар

Осы тізімнен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында өзіндік жүйені қолдану арқылы ӨКМ орындалуын 2 компанияға растады, 2024 жылдың екінші жартыжылдығында (2025 жылы) өзіндік жүйені қолдану арқылы ӨКМ орындалуын 6 компанияға растады.

№4 кесте

Өзіндік жүйені қолдану шеңберінде импорттың/өткізілген өнімнің және қалдықтарды қайта өңдеудің массасы, тоннамен

Атауы	Импорт	Қайта өңдеу	Үлесі,%
Шиналар	18 709,66	7 122,8	38,1
Қолданылған аккумуляторлар	939,49	643,56	68,5
Май	58,37	19,36	33,2

2. Кәдеге жаратылуға жататын қалдықтардың көлемі туралы мәліметтер (қалдықтар құрамындағы әрбір компонент бойынша) және нақты орындалған көлемнің көрсеткіші

Кодекстің 323-бабының 4-тармағына сәйкес қалдықтарды кәдеге жарату деп қалдықтарды қайта өңдеуден басқа мақсаттарда, оның ішінде жылу немесе электр энергиясын алу үшін қайталама энергетикалық ресурс ретінде, отынның әртүрлі түрлерін өндіру үшін, сондай-ақ құрылыс мақсаттары үшін қайталама материалдық ресурс ретінде, жердегі немесе жер қойнауындағы өндірілген кеңістіктерді (бос орындарды) толтыру (салу, көму) үшін немесе ландшафтарды жасау немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсаттарда пайдалану процесі түсініледі. Қалдықтарды қайта өңдеуден басқа мақсаттарда, оның ішінде қайталама энергетикалық ресурс ретінде пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындар туралы, сондай-ақ қалдықтарды отынның әртүрлі түрлері ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін технологиялар мен нормативтік құқықтық актілер туралы нақты деректердің болмауына байланысты қалдықтарды кәдеге жаратудың нақты орындалған көлемі туралы мәліметтерді ұсыну мүмкін емес.

Қалдықтарды жинау және қайта өңдеу деректерінің мониторингі мен есебін жүргізу үшін жұмысы қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру тәртібін реттейтін ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 бұйрығының негізінде 2024 жылғы 5 ақпанда қайта жаңартылған EcoQolday автоматтандырылған ақпараттық жүйесі пайдаланылды. 2024 жылға арналған нақты деректер төменде келтірілген.

2024 жылдың тамыз айында төлемдерге 15 есеп берілді (13 жинаушы және 1 қайта өңдеуші, 13 жинаушының ішінен бір жинаушы 2 есеп берді). 2 есеп мақұлданды, 13 есеп қабылданбады.

2024 жылдың қыркүйек айында төлемдерге 18 компаниядан 27 есеп берілді (13 жинаушы, 4 қайта өңдеуші, 1 толық цикл). 3 есеп мақұлданды, 24 есеп қабылданбады.

2024 жылдың қазан айында төлемдерге 14 компаниядан 17 есеп берілді (11 жинаушы, 3 қайта өңдеуші). 4 есеп мақұлданды, 13 есеп қабылданбады.

2024 жылдың қараша айында төлемдерге 19 компаниядан 24 есеп берілді (15 жинаушы, 4 қайта өңдеуші). 6 есеп мақұлданды, 18 есеп қабылданбады.

2024 жылдың желтоқсан айында 26 компаниядан 30 есеп берілді (17 жинаушы, 6 қайта өңдеуші, 3 толық цикл). 3 есеп мақұлданды, 27 есеп қабылданбады.

Барлығы 2024 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында EcoQolday автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы қайта өңдеуге 10,3 мың тонна қаптама қалдықтары жіберілді (қағаз – 8,6 мың тонна, пластик – 183 тонна, шыны – 1,5 мың тонна).

2024 жылы 30,2 млн теңге сомасына төлемдер жүзеге асырылды, оның ішінде жинаушыларға 561,5 тонна шыны үшін 27,2 млн теңге сомасына, қайта өңдеушілерге 561,5 тонна шыны үшін 3 млн теңге сомасына.

3. Тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын өнімнің және оның қаптамасының қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер

EcoQolday бағдарламасын қайта жаңғырту

Оператор EcoQolday ақпараттық жүйесін ҚР заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес келтіру бөлігінде жетілдіру бойынша жұмыс жүргізді.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 бұйрығы күшіне енгенге дейін (бұл бұйрық 2024 жылғы 5 ақпаннан бастап күшіне енді) Оператор өкілдері EcoQolday жүйесін қайта жаңғырту бойынша түсіндіру жұмыстарын 2023 жылғы 14 желтоқсанда Алматы қаласындағы «Атамекен» ҰКП алаңында бастады. Түсіндіру жұмыстары ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы №332 бұйрығын EcoQolday ақпараттық жүйесі арқылы қолдану бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы кәсіпкерлік субъектілері үшін гибридті форматта жүргізілді.

Іс-шараға қалдықтарды жинаушылар мен қайта өңдеушілерді ұсынатын салалық қауымдастықтардың, облыстық және қалалық әкімдіктердің өкілдері, сондай-ақ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері қатысты. Кеңесте қалдықтарды жинауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын және жүзеге асыруға ниетті кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ салалық қауымдастықтар өкілдерінің сұрақтары қаралды және жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар берілді.

№1 диаграмма


2024 жылы ел бойынша коммуналдық қалдықтардың орташа құрамы



ҚР ЭТРМ деректері

№2 диаграмма

EcoQolday ААЖ-да көрсетілген пластик, шыны және қағаз қалдықтарын 2024 жылы қайта өңдеу массасы, мың тонна




8,6 мың тонна қағаз **1,5 мың тонна шыны** **183 тонна пластик**

EcoQolday ААЖ деректері

№3 диаграмма

2024 жылы автокомпоненттер қалдықтарын қайта өңдеу массасы, мың тонна *(негізгі фракциялар бойынша)*




EcoQolday ААЖ деректері
**АКБ – Аккумуляторлық батареялар*

№4 диаграмма

Автокомпоненттер мен электроника қалдықтарын жинау, тоннамен

(өсу нәтижесімен)




«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері
АКБ – Аккумуляторлық батареялар

№5 диаграмма

Автокомпоненттер мен электроника қалдықтарын кәдеге жарату, тоннамен

(өсу нәтижесімен)




«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері
АКБ – Аккумуляторлық батареялар

№6 диаграмма

Қаптама қалдықтарын жинау, тоннамен

(өсу нәтижесімен),




«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері
КШҚ – көп айналымды шыны қаптама

№7 диаграмма

Қаптама қалдықтарын кәдеге жарату, тоннамен

(өсу нәтижесімен)



«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері

2024 жылдың 5 ақпанынан бастап ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы №332 бұйрығы күшіне енді, оның негізінде кәсіпкерлік субъектілері EcoQolday ақпараттық жүйесінде тіркеуге өтінімдер бере бастады. Осыған байланысты 2022-2023 жылдардағы ақпаратты кәсіпкерлік субъектілерімен жасалған шарттардың болмауына байланысты ұсыну мүмкін емес.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша «EcoQolday» АЖ-да 101 компания тіркелді, олардың ішінде 56 компанияның өтінімдері мақұлданды, оның ішінде (осы есепке №1 қосымша):

1.Жинаушылар – 34;

2.Қайта өңдеушілер – 16;

3.Толық цикл – 6.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін мобильді телефондарға арналған қосымша әзірленді.

Тамыз – желтоқсан айларында ұсынылған есептерге сәйкес қалдықтарды жинау 20 мың тоннаны құрады, қайта өңдеуге 10,9 мың тонна қабылданды.

№5 кесте

2024 жылы жинау және қайта өңдеу көлемі, мың тонна

Қалдықтар	Қайта өңдеу
Қағаз	8,6
Шыны	1,5
Пластик	0,2
Барлығы	**10,3**

EcoQolday ААЖ деректері

Пайдаланудан шыққан көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасы бойынша (бұдан әрі – ПШКҚ және ПШӨЖАШТ сәйкесінше)

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 389-бабының 2-тармағына сәйкес, Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы кәдеге жарату төлемін осы Кодекстің 388-бабына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қызметін дамыту стратегиясына сәйкес жүргізеді. Аталған стратегияда кәдеге жарату төлемі қаражатын елді мекендерде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері есебінен өтелмейтін мақсаттарға пайдалану басымдығы көзделген.

2024 жылы кәдеге жарату төлемі қаражатын пайдаланудың басымдылығы мынадай бағыттар бойынша айқындалды:

1) аймақтардағы қоқыс таситын көліктерді сатып алу, қоқыс сұрыптау желілерін және қоқыс өңдеу кәсіпорындарын салу және материалдық-техникалық жағынан қайта жарақтандыру үшін қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды жеңілдікті қаржыландыру. Осы жобаларды іске асыру мынаған мүмкіндік береді:

- қалдықтарды сұрыптаудың жыл сайынғы қуатын 2,9 млн тоннаға ұлғайтуға (ағымдағы қуаты 1,7 млн тонна, жобаларды іске асырғаннан кейін жоспарланған қалдықтарды сұрыптау қуаты 4,6 млн тонна);

- қалдықтарды қайта өңдеу қуатын 1,2 млн тоннаға ұлғайтуға (ағымдағы қуаты 1,1 млн тонна, жобаларды іске асырғаннан кейін жоспарланған қалдықтарды қайта өңдеу қуаты 2,3 млн тонна);

- аймақтарда қалдықтарды жинауға және тасымалдауға арналған 92 бірлік КҚ сатып алуға.

2) сатып алу үшін арнайы техниканы жеңілдікті лизингпен қаржыландыру:

- орман өрттерінің пайда болуын ескертуді және оларды орман мекемелері мен табиғатты қорғау ұйымдарының сөндіруін ұйымдастыру үшін өрт сөндіру техникасы;

- ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі және Су ресурстары және ирригация министрлігі ұйымдарының техникалық базасын жаңарту үшін арнайы техника;

- автомобиль жолдарының Ұлттық операторының республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстауға арналған жол-пайдалану техникасы;

- аймақтардағы автобус паркін жаңарту үшін автобустар.


3. Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша «EcoQolday» бағдарламасын жаңарту.

Басым бағыттар бойынша толық ақпарат осы Есептің тиісті бөлімдерінде ұсынылған.

Бұдан әрі ӨКМ енгізілген сәттен бастап қызмет кезеңдері үшін ПШКҚ және ПШӨЖАШТ кәдеге жарату динамикасы туралы ақпарат Автоматтандырылған ақпараттық жүйе деректеріне сәйкес 8 және 9 диаграммаларда ұсынылған.

№8 диаграмма


ПШКҚ динамикасы *(өсу нәтижесімен),* **бірлік**



«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері

№9 диаграмма

ПШӨЖАШТ динамикасы (өсімдік нәтижесімен), бірлік



«ӨКМ Операторы» ЖШС деректері

2016 жылдан бастап, қол қойылған орындалған жұмыстар актілеріне сәйкес, кәдеге жаратуға қабылданған ПШКҚ және ПШӨЖАШТ-дан 197 816 бірлік кәдеге жаратылды.

ПШКҚ/ПШӨЖАШТ қайта өңдеу/кәдеге жарату бағдарламасын қайта жаңғырту мақсатында Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 10 қазандағы №243 бұйрығымен Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының есеп-шотына өндірушілер мен импорттаушылардан түскен ақшаны қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалану үшін дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату мақсатында бағыттау жөніндегі ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер 2024 жылғы 28 қазаннан бастап күшіне енді және бұл өзгерістер барлық кәсіпкерлік субъектілерінің қара металды қайта өңдеуге қатысуына мүмкіндік береді, яғни бір кәсіпорынның монополиясы болмайды.

4. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль КҚ және АШТ өндірісін ынталандыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер

Кәдеге жарату төлемінің қаражаты Оператормен ҚР Экология кодексінің 388-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес экологиялық таза КҚ және АШТ отандық өндірушілеріне жіберіледі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша КҚ және АШТ өндірушілері «Кәдеге жарату төлемдерінің түсуін есепке алу» ААЖ (App.recycle.kz) арқылы берген өтінімдерге сәйкес 4 122 өтінім бойынша 139 444 бірлік КҚ және АШТ өндіруге 122,7 млрд теңге сомасында қаражат бағытталды.

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 қаулысын іске асыру мақсатында 2024 жылы Қоғам «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ) арнайы техниканы жеңілдікті лизингпен қаржыландыру үшін 117 млрд теңге көлемінде қаржыландыру ұсынылды:

1) орман өрттерінің алдын алу және сөндіруді ұйымдастыру үшін орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарына экологиялық талаптарға сай келетін отандық өндірістегі өрт сөндіру техникасын сатып алу үшін 35 млрд теңге сомасында. «Жасыл даму» АҚ мен «ӨДҚ» АҚ арасында 2024 жылғы 23 қазанда 35 млрд теңге сомасына №16-7/50 қарыз шарты жасалды. «Жасыл даму» АҚ-дан «ӨДҚ» АҚ-на 2024 жылғы 24 қазанда аударылды. Өз кезегінде «ӨДҚ» АҚ техниканың отандық өндірушілеріне 1,6 млрд теңге аударды.

Ақпарат үшін. 2024 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша қаржыландырылған техника саны 196 бірлікті құрайды, оның ішінде:

- *Ақмола облысы – 55 бірлік;*
- *Ақтөбе облысы – 3 бірлік;*
- *Алматы облысы – 3 бірлік;*
- *Атырау облысы – 6 бірлік;*
- *Шығыс Қазақстан облысы – 8 бірлік;*
- *Батыс Қазақстан облысы – 15 бірлік;*

- *Қарағанды облысы – 21 бірлік;*
- *Қостанай облысы – 15 бірлік;*
- *Қызылорда облысы – 3 бірлік;*
- *Маңғыстау облысы – 3 бірлік;*
- *Абай облысы – 5 бірлік;*
- *Павлодар облысы – 47 бірлік;*
- *Түркістан облысы – 5 бірлік;*
- *Шымкент қаласы – 7 бірлік.*

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Су ресурстары және ирригация министрлігі ұйымдарының техникалық базасын жаңарту үшін экологиялық талаптарға сай келетін отандық өндірістегі техниканы сатып алу үшін 50 млрд теңге сомасында.

«Жасыл даму» АҚ мен «ӨДҚ» АҚ арасында 2024 жылғы 10 қазанда 50 млрд теңгеге №16-7/49 қарыз шарты жасалды, ол «ӨДҚ» АҚ-ға 2024 жылғы 14 қазанда толықтай аударылды. «ӨДҚ» АҚ отандық техника өндірушілеріне 37,4 млрд теңге аударды.

Анықтама үшін. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржыландырылған техниканың жалпы саны 681 бірлікті құрайды, оның ішінде:

- *ШҚО – 32 бірлік;*
- *Жамбыл облысы – 9 бірлік;*
- *Қызылорда облысы – 9 бірлік;*
- *Қостанай облысы – 13 бірлік;*
- *Маңғыстау облысы – 7 бірлік;*
- *Абай облысы – 13 бірлік;*
- *Ұлытау облысы – 10 бірлік;*
- *Павлодар облысы – 12 бірлік;*
- *Жетісу облысы – 8 бірлік;*
- *Атырау облысы 8 бірлік;*
- *Ақтөбе – 54 бірлік;*
- *БҚО – 10 бірлік;*
- *Ақмола облысы - 13 бірлік;*
- *Алматы облысы – 31 бірлік;*
- *Қарағанды облысы – 31 бірлік;*
- *СҚО – 13 бірлік;*
- *Астана қ. – 342 бірлік;*
- *Алматы қ. – 10 бірлік;*
- *Түркістан қ. – 8 бірлік;*
- *Шымкент қ. – 48 бірлік.*

3) жергілікті атқарушы органдар жанындағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды және/немесе отандық өндірістегі автобустарды сатып алатын тасымалдаушыларды шартты қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасында көлік құралдарын сатып алу үшін 15 млрд теңге сомасында.

«Жасыл даму» АҚ мен «ӨДҚ» АҚ арасында 2024 жылғы 9 қазанда 15 млрд теңге сомасына №16-7/48 қарыз шарты жасалды. «Жасыл даму» АҚ-дан

«ӨДҚ» АҚ-ға 2024 жылғы 11 қазанда аударылды. «ӨДҚ» АҚ отандық автобус өндірушіге 99,9 млн теңге аударды.

Анықтама үшін. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржыландырылған техниканың жалпы саны 5 бірлікті құрайды, оның ішінде:

- *Маңғыстау облысы – 5 бірлік;*

4) автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың («ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ) республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау үшін экологиялық талаптарға сай келетін отандық өндірістегі жол-пайдалану техникасын сатып алу үшін 17 млрд теңге сомасында.

«Жасыл даму» АҚ мен «ӨДҚ» АҚ арасында 2024 жылғы 27 желтоқсанда 17 млрд теңге сомасына №16-7/63 қарыз шарты жасалды. Қаражат «ӨДҚ» АҚ-ға 2024 жылғы 27 желтоқсанда аударылды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ӨДҚ» АҚ игеруді бастаған жоқ.

5. Қалдықтарды жинаудың жаңа технологияларын енгізу және қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану, қатты тұрмыстық қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттардың (өндірістердің) құрылысы туралы мәліметтер

Қалдықтарды жинаудың жаңа технологияларын енгізу және қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану ҚР ЭГТРМ жанындағы Инвестициялық штабтың отырысында өткізілетін инвестициялық жобаларды қараудың бірінші кезеңі шеңберінде «ADC TAZA ALEM» ЖШС ағынды сулардың тұнбаларын, жануарлардан алынатын қалдықтарды және тұрмыстық қалдықтарды қоса алғанда, қалдықтардың әртүрлі түрлерін экологиялық қауіпсіз және тиімді кәдеге жарату үшін INEVA жаңа технологиясын пайдалануды көздейтін жобаны ұсынды. TÜBITAK-пен бірлесіп әзірленген бұл технология ең аз шығарындылары мен төмен еңбек шығындары бар қалдықтарды қауіпсіз жағу және өңдеу үшін жалған сұйықталған қабаты бар реакторды пайдаланады. Кәдеге жаратудан басқа, технология экология мен халықтың денсаулығын жақсартуға ықпал ететін энергия алуға мүмкіндік береді.

INEVA компаниясының технологиясы әлемдегі қоршаған орта үшін ең қиын қалдықтарды, соның ішінде ағынды сулардың тұнбаларын, жануарлар қалдықтарын, тұрмыстық қалдықтарды, коммуналдық және өндірістік қалдықтарды, биомасса қалдықтарын және басқа да осындай қалдықтарды экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді түрде қайта өңдеуге арналған. Сонымен қатар, INEVA технологиясы қалдықтарды өңдеу жүйесін ұсынады, бұл энергияны қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Технологияның негізгі элементі - ауа мен газдың қоспасы бақылаулы түрде айдалатын, өлшенген материалдарды қамтитын жалған сұйықталған қабатты реактор. Ағынды сулардың тұнбаларын жағу әдісі 60 жылдан астам уақыт бойы қолданылады. Өлшенген бөлшектері бар жалған сұйықталған қабатты

пеште жағу технологиясын INEVA компаниясы Түркияның ғылыми-техникалық зерттеулер жөніндегі кеңесімен (TÜBİTAK) бірлесіп әзірледі. INEVA технологиясы дәстүрлі технологияларға қарағанда тиімдірек. INEVA модульдік технологиясының көмегімен қалдықтар/ағынды су шөгінділері қауіпсіз шығарындылармен және ең аз еңбек шығындарымен кәдеге жаратылады. INEVA технологиясы - 100% түрік технологиясы. Жалған сұйықталған қабатты жабдық шығаратын INEVA өндірістік кешені Түркияның Бурса қаласында орналасқан.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану жөніндегі зауыттарды (өндірістерді) салу

ҚР Экологиялық кодексінің 388-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке елу пайыздан астам мөлшерде тиесілі ұйымдар өңдеу өнеркәсібіндегі жобалар үшін қаржыландыру ала алады. Бұл жобалар экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталуы тиіс. Мұндай қаржыландыруды берудің қағидалары мен шарттары ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 қаулысында белгіленген.

ҚР ЭГТРМ жанындағы Инвестициялық штабтың мақұлдауын алған қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салу жөніндегі жобалардың құрамына келесі жобалар кірді:

1. Алматы облысында жылына 320 мың тонна қайта өңдеу қуатымен қатты тұрмыстық қалдықтарды, ірі габаритті материалдарды, темірбетон бұйымдарын қайта өңдеу зауытының құрылысы. Өтініш беруші «ADC TAZA ALEM» ЖШС;

2. Қызылорда облысында жылына 86 мың тонна қайта өңдеу қуатымен шыныны қайта өңдеу зауытының құрылысы. Өтініш беруші «Seven Rivers Technologies» ЖШС;

3. Алматы қаласында жылына 150 мың тонна қалдықтарды қайта өңдеу және гофрленген тара шығару қуатымен қағазды қайта өңдеу және картон өндіру зауытының құрылысы. Өтініш беруші «KZ Recycling» ЖШС.

Анықтама үшін: осы Есеп дайындалған кезде аталған зауыттың құрылысын Қоғам 37 089 млн теңге сомасына қаржыландырды.

6. Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер

ҚР Үкіметі 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 қаулы шеңберінде қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру механизмін бекітті — бұл қоқыс таситын машиналарды, сұрыптау желілерін және қайта өңдеу қуаттарын сатып алу. Қаржыландыру «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы сыйақы мөлшерлемесі 3% және қарызды беру мерзімі 3

жылдан 15 жылға дейін қарастырылған. Бөлінетін қаражаттың жалпы көлемі 3 жылға шамамен 200 млрд теңгені құрайды.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы жобалық топ барлық әкімдіктермен, сондай-ақ салалық бизнес өкілдерімен кеңестер өткізді. Жобаларды қарау кезінде өңірлердегі коммуналдық қалдықтармен байланысты ағымдағы жағдайды және жобалардың қолда бар проблемаларды жүйелі шешу тұрғысынан тиімділігін талдауға ерекше назар аударылды. Нәтижесінде арнайы техника мен контейнерлерді сатып алуды, қоқыс сұрыптау желілері мен қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуды және жаңғыртуды көздейтін 94 жоба іріктелді.

Кейіннен, 2024 жыл ішінде инвестициялық жобаларды қараудың бірінші кезеңі шеңберінде ҚР ЭГТРМ жанындағы Инвестициялық штабтың 12 отырысы өткізілді, онда 56 жоба мақұлданды, оның ішінде: 5,1 млрд теңгеге арнайы техниканы сатып алу бойынша 9 жоба, 96,9 млрд теңгеге қалдықтарды сұрыптау бойынша 19 жоба, 181,2 млрд теңгеге қайта өңдеу бойынша 28 жоба. Жобалардың жалпы сомасы 283,2 млрд теңгені құрады.

Бұл жобаларды қаржыландыру («ӨДҚ» АҚ-да жобаларды қараудың екінші кезеңінен өту жағдайында) қалдықтарды сұрыптаудың жыл сайынғы қуатын 2,9 млн тоннаға, қалдықтарды қайта өңдеуді 1,2 млн тоннаға ұлғайтуға, сондай-ақ өңірлерде қалдықтарды жинау және тасымалдау үшін 92 бірлік арнайы техника сатып алуға мүмкіндік береді.

№6 кесте

Инвестициялық штабта мақұлданған жобалар бойынша ақпарат*

№	Облыс/республикалық маңызы бар қала	Жұмыс орындары	Жобалар саны	Сома (млрд теңге)
1	Астана	706	7	25
2	Алматы	50	2	44,2
3	Шымкент	113	2	2,7
4	Абай облысы	80	2	2,1
5	Ақмола облысы	103	4	7,5
6	Ақтөбе облысы	725	3	55,8
7	Алматы облысы	146	1	32,6
8	Атырау облысы	240	6	5,2
9	Шығыс Қазақстан облысы	25	2	2
10	Жамбыл облысы	80	1	0,88
11	Жетісу облысы	13	1	0,92
12	Батыс Қазақстан облысы	5	1	0,29
13	Қарағанды облысы	28	1	0,18
14	Қостанай облысы	265	4	7,6
15	Қызылорда облысы	516	8	41,1
16	Маңғыстауоблысы	390	3	11,6

17	Павлодар облысы	512	4	18,4
18	Солтүстік Қазақстан облысы	342	1	23,6
19	Түркістан облысы	31	2	0,46
20	Ұлытау облысы	80	1	0,89
Барлығы:		**4 450**	**56**	**283,2**

**Осы Есептің 5-бөлімінде көрсетілген қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі 3 зауыттың құрылысын қоса алғанда*

2024 жылы Қоғамның қаржылай қолдауымен келесі жобалар қаржыландырылды:

- «ЭКО Шина» ЖШС жүзеге асыратын «Дайын өнімдер желісін кеңейте отырып, автомобиль шиналарының қалдықтарын қайта өңдеу бойынша өндірісті жаңғырту» Шымкент қаласындағы жобасы, 500 млн теңге сомасына;
- «Еділ және компаниясы» ЖШС жүзеге асыратын «Резеңке техникалық бұйымдарды қайта өңдеу және кәдеге жарату объектісінің өндірістік қуаттарын жаңғырту» Қостанай облысындағы жобасы, 92 млн теңге сомасына;
- «Рудный-АБАТ-2006» ЖШС жүзеге асыратын «Қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауды ұйымдастыру және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу» Қостанай облысындағы жобасы, 311,8 млн теңге сомасына;
- «Шебер Спецмаш» ЖШС жүзеге асыратын «Тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтер көрсету үшін арнайы техниканы сатып алу» Ақмола облысындағы жобасы, 22,89 млн теңге сомасына;
- «Сұрыптау орталығы» ЖШС жүзеге асыратын «Павлодар қаласында қоқыс өңдеу зауытының құрылысы» Павлодар облысындағы жобасы, 2 620 млн теңге сомасына.

Сондай-ақ Оператор Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 10) тармақшасының негізінде банк шотына кәдеге жарату төлемі түрінде түскен ақшаны Қазақстан Республикасында қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, сұрыптау, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату технологияларын енгізуге, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, сұрыптау және (немесе) кәдеге жарату бойынша зауыттардың (өндірістердің) құрылысына, қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін қаржы институттарын қаржыландыру арқылы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды ұйымдастыруға бағыттайтынын атап өткен жөн. Тиісті тәртіп әзірленіп, келісуге жіберілді.

7. Электрмен зарядтау станцияларының желісін құру және дамыту туралы мәліметтер

2024 жыл ішінде «ЭЗС Операторы» ЖШС Қазақстан Республикасының аумағында электр көлігіне арналған зарядтау инфрақұрылымын жаңғырту бойынша іс-шараларды жүзеге асырды.

Жұмыстар шеңберінде ескірген зарядтау станциялары бөлшектеліп, бұрын анықталған және жабдықталған қосылу нүктелерінде жаңа типтегі зарядтау станцияларын орнату басталды.

Есепті кезеңде ЭЗС Операторы ЭЗС орналастыру үшін жер учаскелерін беру мәселелері бойынша әлеуетті серіктестермен келіссөздер жүргізді. Бірқатар ұйымдармен келіссөздер қорытындысы бойынша жер пайдалану шарттарына қол қойылды.

Мәселен, 2024 жылы ЭЗС Операторы инвесторға — «Kaz Green Invest» ЖШС-не ЭЗС-ың кейіннен орнату және пайдалануға беру үшін 24 қосылу нүктесін берді. Жыл соңында 16 зарядтау станциясын жаңғырту аяқталды, оның ішінде Алматы қаласында 3 зарядтау станциясы және Астана қаласында 13 зарядтау станциясы.

2024 жылдың қыркүйегінде Қоғамның Директорлар кеңесінің «ӨКМ Операторы» ЖШС жалғыз акционері ретінде «ЭЗС Операторы» ЖШС-нің «ӨКМ Операторы» ЖШС-не қосылуы туралы шешім қабылданды.

Кәсіпкерлік субъектілерінің тізімі

№	Атауы	Қызмет түрі	Аймақ БСН/ЖСН
1	«КазМакТрейд» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Алматы облысы 210640001171
2	«DEMETRA.KZ» ЖК	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Тараз 850626301048
3	«Big Deal» ЖК	Жинаушы (Шыны)	Алматы 651114400261
4	«Ерсалимова» ЖК	Жинаушы (Қағаз)	Семей 660122402290
5	«Батыс Кагазы» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Ақтөбе 210640012503
6	«Eco Waste Aqtau» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Ақтау 171040012603
7	«Zhetysu Recycling» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Алматы 210640004710
8	«Шакиров» ЖК	Жинаушы (Қағаз)	Ақтау 900413301785
9	«RRR «Technology» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Қарағанды 190740015585
10	«ECO OMIR» ЖК	Жинаушы (Қағаз)	Тараз 810326401908
11	«Иванкина А.В.» ЖК	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Көкшетау 810724450583
12	«Петренко И.В.» ЖК	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Қостанай 871227350291
13	«Антипин Владимир Иванович» ЖК	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Теміртау 680309350115
14	«Торебеков» ЖК	Жинаушы (Шыны)	Алматы облысы 760908302228
15	«АлатауЭкоВтор» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Алматы 171040021028
16	«Qurmet Trade» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Шымкент 200740000234
17	«Сулейменов» ЖК	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Шымкент 661013301830
18	«Устименко Ярослав Владимирович» ЖК	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Қостанай 790803301056
19	«Вторсырье Караганда» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Қарағанды 160540004874
20	«Ясар» ЖК	Жинаушы (Қағаз)	Тараз 710108300947

21	«ECOSEN» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Алматы 210240020639
22	«AstanaQagazy» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Астана 240240001033
23	«ЖАР-2017» ЖШС	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Жезқазған 170640026622
24	«Ер-АгроСервис» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Павлодар 160940005113
25	«Байпеисов Т.М.» ЖК	Жинаушы (Қағаз, пластик)	Семей 630207300135
26	«Айтенов» ЖК	Жинаушы (Қағаз)	Ақтөбе 880520302213
27	«Жеңімпаз» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Орал 030240004232
28	«ECO RECYCLING SERVICES» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Алматы 200740025051
29	«SULTAN» ЖК	Жинаушы (Шыны)	Алматы облысы 980704300119
30	«Eco Clean KZ» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Астана 210940024270
31	«EnkoMi» ЖК	Жинаушы (Шыны)	Алматы облысы 791119302871
32	«ЭкоКомфорт Клининтік компаниясы” ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Қарағанды 130940010025
33	«ЭКОқала» ЖШС	Жинаушы (Қағаз)	Қызылорда 210240015167
34	«ReClaim» ЖК	Жинаушы (Қағаз, шыны, пластик)	Астана 930910351580
35	«Марқатай» ЖШС	Қайта өңдеуші (Пластик)	Астана 060540007530
36	«Qazaq Glass Company» ЖШС	Қайта өңдеуші (Шыны)	Алматы 180540035372
37	«Радуга» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз, Пластик)	ПетӨКМавл 940640000716
38	«GREEN PARK KOKSHETAU» ЖШС	Қайта өңдеуші (Пластик)	ПетӨКМавл 180440035458
39	«Sauran Plast»ЖК	Қайта өңдеуші (Пластик)	Түркістан облысы 801121300038
40	«KZ Recycling» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз, Пластик)	Алматы облысы 210640008862
41	«Еврокристалл» ЖШС	Қайта өңдеуші (Шыны)	Шымкент 111240008295

42	«Втор Полимер» ЖШС	Қайта өңдеуші (Пластик, Құрама материалдар)	Көкшетау 220340034238
43	«NURKAGAZY» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз)	Алматы 080940009753
44	«Достык и К» ЖШС	Қайта өңдеуші (Шыны)	Тараз 040340000057
45	«АлматыСтекло» ЖШС	Қайта өңдеуші (Шыны)	Алматы 100940018332
46	«ИНТЕР МУЛЬТИ СЕРВИС» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз)	Алматы 080240023694
47	«SHYMKENT QAGAZY» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз)	Шымкент 180640036493
48	«Нефтестройсервис ЛТД» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз)	Атырау 010740001502
49	«LucrumStar» ЖШС	Қайта өңдеуші (Қағаз)	Ақтөбе 180940032075
50	«Р.Т.Z.» ЖШС	Қайта өңдеуші (Пластик)	Алматы облысы 060340001960
51	«Еділ и компания» ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Рудный (Кост. обл) 190740026312
52	«Резеңке-техникалық қалдықтар Қостанай» ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Қостанай 210540004132
53	«КазШин ЛТД» ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Ақтау 201040019400
54	«ЭкоГолд» ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Павлодар 190140006316
55	"ЭКО Шина" ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Шымкент 070540009816
56	"ERS Technology" ЖШС	Толық цикл (Автокомпоненттер)	Степногорск 240440022935